



МҰСА ЖӘЛЕЛ
ЖЫР ЕР.ІІГІ

С. (каж)
Ж-22





Илья М. М. М.

с/кас
23-2

МҰСА ЖӘЛЕЛ
ЖЫР ЕРЛІГІ

ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМАЛАР

ОҚИ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ-1976

АЖАЛСЫЗ АҚЫН

Мұса Жәлел! Бұл есім бүгінде дүние жүзіне белгілі. Бұл есім, әсіресе, әрбір совет азаматының жүрегінде ерекше мақтаныш сезімін туғызады. Бұл есім жасығанға жігер береді, талпынғанға қанат береді. Ерліктің, елді сүйе білудің, қайтпас қайсарлықтың, қажымас қайраттылықтың синонимі, тауып айтылған теңеуі сияқты ол.

Қазір Мұса Жәлел жайын қайталап, оның өмірбаянын айтып жатудың өзі, бір жағынан алғанда, басы артық нәрсе сияқты. Өйткені, жоғарыда айттық, оны білмейтін, оның есімін естімеген кісі жоқ деуге болады. Ақынның махаббат пен сұлулыққа, өмір мен өршілдікке толы өлмес өлендері де әр тілде саңқылдап, әркімнің есінде сақталып келеді.

Екінші жәйттен қарағанда, Жәлел жайлы айта түсуіміз керек. Оның жырларын, ерлік істерін каншама аңыз етсек те, ол еш жүректі жалықтырмайды, қайта сүйсіндіре, құмарландыра түседі. Өйткені, Мұса Жәлелдің өзі аңызға айналған адам. Әсіресе, жас ұрпақ, өсіп-жетіліп келе жатқан жаңа буындар ол туралы неғұрлым көбірек естіп, көбірек білгісі келеді. Оларды коммунистік рухта, советтік патриотизм рухында баулуда Жәлел есімінің, Жәлел жырларының алатын орны мейлінше зор.

Берлинде қанқұйлы Моабит түрмесінде гитлершіл жендеттердің қолынан қаза тапқан атақты татар ақыны Мұса Жәлелдің соғыс кезінде, тұтқында жазғандарынан бізге, туған елге жеткені шағын ғана екі дәптер өлең. Бірінде 60, екіншісінде 33 өлең бар. Соның біріншісінің соңғы мұқабасында ақын өзінің өсиет-тілегін жазып қалдырған. Мұса туралы сөзімізді сол өсиеттен бастасак, оның толық тексті мынандай:

«Татарша оқи білетін және дәптерді оқып шыққан досқа. Мұны жазған белгілі татар ақыны Мұса Жәлел. Оның мәңжайы мынадай: 1906 жылы туған. Москвада да, Қазанда да пәтері бар. Өз елінде үлкен ақындардың бірі боп саналады. 1942 жылы майданда айқастарда жүріп, тұтқынға түсіп қалды. Сол тұтқында азап атаулының бәрін басынан кешірді, қысқа

күнде 40 өлімнен өтті, содан соң Берлинге әкелінді. Мұнда ол астыртын ұйымдарға, совет насихатын таратуға қатысты деп айыпталып, түрмеге қамалды. Енді оны өлім жазасына кеседі. Өледі ол. Бірақ тұтқын мен қамауда жүріп жазған 115 өлеңі артында қалып бара жатыр. Оның ойлайтыны да солардың тағдыры. Сондықтан ол 115 өлеңнің ең болмаса алпысын көшіріп жазып қалдыруға талпынды. Егер осынау дәптер сенің қолыңа тие қалса, мұқият, ұқыптап ақ қағазға көшіріп жазып, сақтап қоя көр де, соғыстан соң Қазанға хабарла, татар халқының қаза тапқан ақынының өлеңдері деп жарыққа шығар. Менің өсиетім осы. Мұса Жәлел. 1943. Декабрь».

Осының соңына ақын лагерьде фашистерге қарсы астыртын күреске қатысқан, енді жазаға тартылып отырған 12 адамның аты-жөнін жазған. Соның ішінде ақынның өз фамилиясы да бар.

Осы бірнеше ауыз сөздің өзінен Мұса тұлғасын, әсіресе, оның тұтқын кезіндегі әрекет-қимылын әбден тануға болады. Әйтседе, соған сүйене отырып, ақынның өмір жолына, творчестволық сипатына кеңірек тоқталған жөн ғой дейміз.

Мұсаның бастан кешкен кезеңдеріне қарап отырсақ, ол тек күрес үшін жаралған, күреспен күні өткен адам. Күрес болғанда — халық бақыты үшін күрес, Октябрь солдат, Ленин солдат, коммунист болып күресу. 13 жасында комсомол қатарына кірген Жәлел азамат соғысына, совет өкіметін ішкі-сыртқы жаулардан қорғау шайқастарына жең сыбана қатысады. Сол жылдары «Қызыл жұлдыз» атты әскери газетте оның алғашқы өлеңдері басылды. Мұнда ол Октябрь таңын, азаттық нұрын жырға қосып, соны сақтап қалуга, қайтадан қара түнек орнатқысы келетіндерді өлтіре соғуға шақырады.

Мұсаның саналы өмірінің алғашқы жылдары өзінің туған өлкесі — Орынбор өлкесінде өтті. Осында ол совет өкіметін нығайту күресіне қатысты, бай-кулактармен алысты, әр қилы комсомол жұмыстарын атқарды. Қысқасы, сол кездегі күрес қызығы, революциялық пафос жаны жырға, бостандық қуанышына толы жас ақынды біржола баулап алды.

Ақын 1919 жылдың өзінде «Октябрь мейрамы» өлеңінде:

Ерікті халқым, жұмыскер,
Бұл өзіңнің мерекен!
Арайлап атқан таңың бұл,
Ажарың-көркің, берекен!
Мейрамыңды қарсыла,
Салтанатпен сайрандап.
Қалтырасың дұшпандар
Біздің күшке қайран қап!—

деп жазса, одан кейін «Бостандық ақынының сөзі» деген жырында:

Бостандық еліменен, халыкпенен
Бірге боп, толғап алға бара берем!—

деп өзінің ақындық программасын алға ұсынады.

Мұса сол нысанадан тайған жоқ. Ұлы Октябрь арқасында ерікті ел болып, туысқан халықтар семьясында социализм ісін жүзеге асырып жатқан туған татар халқын, бүкіл советтік Отанымызды ақын бар даусымен жырлады. Елімізді коллективтендіру, индустрияландыру сияқты ғаламат революциялық өзгерістерден бастап, пионерлер өміріне дейін ешбір маңызды нәрсе Жәлелдің назарынан, Жәлелдің творчествосынан тыс қалған емес. Ақын халық өміріндегі елеулі оқиғалардың бәріне үн қосып отырды. Үн қосу болғанда бұл жай жалаң үгіт қана емес, жалынды ақындық үн қосу, әсерлі, ықпалды үн қосу еді.

Мұсаның жоғарыда көрсетілген соңғы хатында «өз елінде үлкен ақындардың бірі болып саналады» деген сөйлем бар. Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы кезең, ақынның творчестволық жағынан болсын, азаматтық, күрескерлік жетілуі жағынан болсын кемеліне кеп, жан-жақты өзін танытып жүрген кезі еді. Раб-факта, одан кейін Москвадағы Мемлекеттік университетте оқып, білім дәрежесін көтеріп алған Мұса қай-қай жұмысты да құлшына атқарды. Күрес көрігінен, партиялық қызмет сынынан өткен тамаша журналист, абзал адам, айтулы ақын коммунист Мұса-Жәлел ол кезде көптеген өлең, поэмалардың авторы еді. Оның «Алтын шаш» атты либреттосы да кеңінен мәлім.

Сонымен бірге ол әдеби-сын пікірдің әдебиет зерттеуінің дамуына да көп ат салысты. 1939 жылы Татарстан Жазушылар одағы басқармасының председатели болып сайланды, әрі еңбекшілер депутаттарының Қазан қалалық советінің депутаты еді. Мұса, өсиетінде өзі айтқандай, біраз жыл Москвада да тұрды. Атақты орыс жазушыларының көбі, соның ішінде совет әдебиетінің биік шеберлерінің, шын мәніндегі кемеңгер қайраткерлерінің бірі Александр Александрович Фадеев оған жақсы таныс еді. Фадеевпен майданда жүріп те хабарласып тұрды ол. Қысқасы оның үлкен ақын екенін қайда да мойындайтын.

Ат басына күн туып, ауыздығымен су ішер, ер басына күн туып, етігімен су кешер кезең келгенде, Мұса Жәлел сияқты отты жүрек адамдар қолына қару алмай қалай отырсын! Туған Отанына өлім қатері төнгенде ол да майданға аттанды. Саяси қызметте болды, жауынгерлік газетте істеді. Ақынның бұл кездегі басынан кешірген жайлары, ой-қиялы әсіресе жан жары Әминнаға, досы Ғазиз Қашшафқа жазған хаттарынан айқын

аңғарылады. Бірақ бұл хаттардан да баяғы Мұсаны — ездікті білмейтін, еңсесі түспейтін ер Мұсаны, жабырқамайтын, жасымайтын жауынгер Мұсаны, қиындыққа, сәтсіздікке бас имейтін, өз Отанының жеңетініне бар болмысымен сенетін коммунист Мұсаны танимыз.

Енді тағы да Мұсаның өз сөзін еске алайық. Жоғарыда аталған өсиетте оның өзі туралы: «1942 жылы майданда айқастарда жүріп, тұтқынға түсіп қалады» дегенді оқыдық. Иә, тағдыр торға түсірді ақынды. Бұл Волхов майданында, сол жылдардың июнь айында болған қасіретті жәйт. «Қалайша бұлай болды?» деген сұраққа ақынның «Моабит дәптеріндегі» «Кешіре гөр, Отан» деген өлеңі жауап береді. Бүкіл жан-жүрегіңді тебірентіп, сай-сүйегіңді сырқыратқандай, үлкен азаматтық, перзенттік сезіммен жазылған осы бір керемет өлеңнің қолымда өзіне тең аудармасы болмағандықтан бұл арада оның тек мазмұнын еске сала кетуге мәжбүрмін. «Кешіре гөр мені, қатардағы солдатынды, ең кішкене бір бөлшегіңді, кешіре гөр. Отты шайқаста солдат ажалымен өле алмай қалғаным үшін кешіре гөр... Ақырғы минутта пистолетім от алмай қалып, опасыздық істеді маған», — деді Мұса. Солай болғаны рас. Ауыр жаралы болған ақын ақырғы оғын өзіне жұмсамақшы еді, бірақ от алмай қалған пистолеті құрығырдың кесірінен жау қолына түсіп қалды.

Фашистік тұтқын жағдайын еске салып жатудың қажеті болмас. Ақын «қысқа күнде 40 өлімнен өтті» деген Мұсаның өз сөзі фашистік жендеттердің жан түршігерлік әлпетін әбден танытады. Мұса осындай мүшкіл халде де қайыспайды, қайта, жасығандарға жігер беріп, лагерьде күрес жолын іздейді.

Бір уақытта «Славяның да, чехтың да, украинның да, қазақтың да қару асынуға қақы жоқ» — деп көкіген гитлершілдер, кейін сасқанынан солардың тұтқынға түскендерін де зенбіректің жемі етуді қолға ала бастады. Тұтқындарды неше түрлі азапқа салып, аштан қатырып, көнбегендерін көз алдында қырып, фашистер «Түркстан легионын», соның ішінде «татар легионын» құрды. Сол мақсатқа олар аты бар, абройлы Мұсаны да пайдаланбақшы болып, оған Насихат министрлігінің шығыс бюросында қызмет істеуді ұсынды. «Туған еліме қайтсем себімді тигізем, жаумен қалай күресем» деп жүрген Жәлел бұл ұсынысты қабыл алды. Соның арқасында ол лагерь-лагерьді аралап, онда өзі сияқты адамдармен кездеседі, жауға қарсы астыртын ұйымдар құрады, листовкалар таратуды қолға алады, совет жауынгерлерін тұтқыннан қашырады. Қысқасы, мұндай астыртын жұмысқа кең өріс беріп, өзі соның жуан ортасында ұйтқы боп жүреді. Еңбегі де зая кетпейді. Майданға жіберілген

бірінші татар легионы фашистердің өздеріне қарсы шауып неміс офицерлерін жоқ қылады да партизандарға қосылып кетеді. Осыдан соң фашистер «мұсылман» легиондарына үміт артудан қалып, оларды тергеу-тексеруге, астыртын бақылауға алады, жазаға тартады. Алдымен, әрине, Жәлелдің ізіне түседі.

Жәлел бір өлеңінде: «мен августың бір түнін күтіп жүрмін, сол түн жетсе, өзіммен бірге жырым да тұтқыннан босанады», — дейді. Бірақ, ол бұл арманына жете алмады. 1943 жылғы 10 августа гестапошылар ақынды қамауға алып, бірер күн Варшавада ұстайды да, кейін Берлинге, жан түршігерлік Моабит түрмесіне әкеп тығады. Ақынның өлімі де, өлмес шағы да осында басталады. «Өлімі» дейтініміз, фашистер ақынды өлім жазасына кесті, «өлмес шағы» дейтініміз, ақын осы кезде артына өлмес өлеңдерін қалдырады, керемет ерлігімен ажалды жеңеді.

Жәлелдің «Моабит дәптеріндегі» өлеңдері — биік көркемдік қасиетке, нағыз ақындық шеберлікке, ғаламат қайратқа, жарқын оптимизмге, советтік патриотизмге толы өлеңдер. Алдында тұрған ажалды көріп тұрып, ақын оны мүлде елемейтін сияқты, ол махаббат туралы, гүл туралы, әдемілік туралы жазады. Рас, «өлім» деген сөз Мұсаның біраз жырында кездесіп отырады. Бірақ, ол өлімнен үрейлену, қаймығу, абыржу емес, болғалы тұрған факт ретінде ғана ауызға алынады. Өлімді өмірдің жеңетіні, Советтік Отанымыздың мерейі әр дайым үстем болатыны, елі үшін қаза тапқан ерлердің жақсы үміттері жүзеге асатыны — Жәлел жырларының негізгі арқауы. Ақын сол темір торда жатқанның өзінде жауға қарсы күрес ісін, жеңіс қамын бірінші мақсат етіп қояды. «Басымда тек ерік болса» деген өлеңі осының мықты айғақтарының біріндей. Ақын әуелі қарлығаш, яки алтын балық немесе арғымақ болып желдей жүйткіп ұшып, жүзіп, үйіне, туған еліне, жарына, жалғыз қызы Шолпанға жетсем дейді де, соңында сол сағыныштың өзін жеңіп:

Жоқ, әуелі бір тілек —
Басымда ерік болса тек,
Қылышым болса қынымда,
Қарабинім қолымда,
Қорғап сені, туған жерім,
Мен ерлерше өлер едім
Атақты аяқас қырында, —

дейді. Халық мүддесі, Отан игілігі үшін күрес — коммунист Жәлелдің өмірлік мақсаты. («Ерік»)

Жетсе қолым еркіндіктен үлеске,
Қуанышқа бөленсем тек арманым,
Бостандыққа, бақытты ізгі күреске
Арнар едім өмірімнің қалғанын.

Міне, қай өлеңінде де, қандай қиыншылық алдында да Мұса тұлғасы осындай — құрыштай берік күрескер тұлғасы, көздеген мақсатынан қайтпайтын хас батыр тұлғасы.

Жәлел күрес арқылы, ерлік арқылы өлімді өмірдей етуді қиялдайды. «Досқа» деген өлеңінде:

Өлшенбейді ұзақтығы өмірдің
Жыл санымен, жетуімен кәрілік.
Бәлкім бізге келсе де өзі өлімнің
Өшпейтұғын өмір берер мәңгілік!—

дейді ол.

Жәлел советтік елінің жауды сөзсіз жеңетініне қандай сенсе, халқымыздың нұрлы ертеңіне де сондай сенеді, соғыстан кейінгі жасампаз бейбіт еңбек жемісін көз алдына әкеледі.

Бұзылған жол, күйген қала — сұрап тұр,
Құшақ жая қарсы ап бізді алқалар,
Оянсын да қажымайтын трактор,
Ойнасын да қолымызда балталар.
Алтын бидай өссін қырда жайқалып,
Құлаған үй қайта орнына ол тұрсын.
Жеңген елдің еңбегінің терімен
Күлімдесін жайнап дала құлпырсын,—

деп армандайды ақын.

Мұсаның, әсіресе «Моабит дәптеріндегі өлеңдерінің жауынгерлік күшін айта отырып, оның ғажайып лирик ақын екенін де көрмеуге болмайды. Сол қатал, айбынды өлеңдердің фашистік жендеттердің қанды балтасы алдында жазылған жырлардың өзінде қаншама сыршылдық, қаншама адамгершілік жылылық, өміршілдік бар! Мұндай тамаша лирикалық әуен Мұса творчествосының алғашқы адымынан басталған қасиет.

Айта берсек Жәлелдің жырлары әңгіме болуға таусылмайды, сырлары да, жырлары да көп, оқыған сайын сүйсінесің, жүрек сырын ортаға салғың келе береді. Сондықтан негізгі сөзді оқырманның өзіне қалдырған жөн болар, оның өзі ойлансын, өзі толғансын. Ал Мұса өлеңдері тебірітпей қоймайды.

Енді «Моабит дәптерінің» бізге қалай жеткенінен бірер сөз.

Жоғарыда айтылған өсиеттің соңында ақын фашистерге қарсы астыртын күреске қатысқан II серігінің аты-жөнін жазған. Соның ішінде белгілі татар ақыны Абдолла Әлиштің

де фамилиясы бар. Бір қысылшаң кезде қолайлы жағдайды пайдаланып, Абдолланың дәптері мен өз дәптерін сол түрмедегі Ғаббас Шарипов дегенге табыс етеді. «Біз бар «кінәні» өз мойнымызға аламыз, ал сені босатуға тиіс. Сондықтан сен бұл дәптерлерді аман сақтап, көшіріп жазып алып, елге жөнелте алатын сенімді біреуге бер»,— дейді ол Шариповқа. Айтқандай, Ғаббас Шарипов түрмеден босатылып, 1944 жылы Францияға жөнелтіледі. Онда ол әлгі дәптерлерді Нығымет Төреғұлов дегенге береді. Ал Төреғұлов 1946 жылы мұны Татарстан Жазушылар одағына табыс етеді. Ал екінші дәптері түрмелес бельгиялық досы Андре Таммермонс арқылы жеткені белгілі. Қазір Мұсаның үшінші дәптері болған деген де лақап бар. Бірақ, әзірге оның тағдыры белгісіз. Күндердің күнінде ол да Отанына оралып Мұсаның соңғы аманатындай, халық қолына тиюі мүмкін.

Жәлел ақын өзінің бір өлеңінде:

Үйретті еркін жасауға өмір жыр мені,
Өлуге де тайынбайтын ер болып,
Өмірім менің күйлі көркем жыр еді,
Өлімім де жаңғырығар жыр болып,—

деп жазған еді. Айтқаны келді. Мұса өлімі жыр болып та, өмір болып та жаңғырығып, оны мәңгі өлместер қатарына қосты. Ақынның ұлы арманы да іске асты— Советтік Отаны фашистік Германияны жеңіп шығып, азаттық туын онан сайын жоғары көтерді, талай елді құлдықтан құтқарды. Қазір Мұса Жәлел елі бүкіл бейбітшілік күштерін бастай отырып, жұмыр жердің тірегіндей жасампаз ұлы істерді жүзеге асырып жатыр. Ол іс— коммунизм ісі.

Туған елі ардагер ақынның тірілтіп алды дей аламыз біз бүгін. Оның есімін қаза тапқан сан мың адамның ішінен аршып алу, әр жырын іздеп табу, атын дүние жүзіне паш ету, Совет Одағының Батыры атағын беру, Лениндік сыйлықтың несі ету— тек асыл ананың, біздің Отанның қолынан келетін ғана іс. Мұса Отан алдында перзенттік борышын қалай атқарса, Отанымыз оның алдында аналық борышын да ақтады.

Мұса жырларының сан тілде қайта-қайта басылуы да оның өміршендігіне куә. Оқырмандарға ұсынылып отырған осы кітап та қазақ тілінде тұңғыш рет шығуы емес. Оның «Жыр ерлігі» аталуы да тегін болмаса керек. Шынында да Мұса Жәлел жүрегі өзінің әрбір өлеңінде соғады, әрбір совет адамының жүрегімен, ісімен, өмірімен қосыла, жалғаса соғады. Сондықтан да ол мәңгі жасайды.

Жұбан Молдағалиев

өлеңдер





ЖЕТИМ БАЛА

Басын иіп, қол созып:
«Бір тиын ақша бер»,— деді.
«Бер...» деді, бірақ жуан бай
Куды, түк те бермеді.
Жылады, көзден төкті жас,
Көз жасын ешкім көрмеді;
Жуан қарын бай оны
Сөкті, соқты, тергеді.

* * *

Екі көзден ағып жас,
Қырға қарай жөнеді.
Тап боп жолда бір дәу ит,
Жолын оның бөгеді.
Жерге жатты, көкке бақты,
«Алладан» күш сұрады.
Қозғалмады ит орнынан,
Үрді ылғи, «ыррр» лады...

* * *

Кете барды қаңғырып,
Келді үйіне молданың;
Қайғы-зарын шақты оған,
Көкірегі шерге толғанын.

Ақита көзін алартып,
Теріс айналды молда да,
Ақырды оған: «Ұятсыз,
Кет, маңыма жолама!»

* * *

Қаңғи-қаңғи жол таба алмай,
Келді бейіт басына.
Жылай берді отырып ап
Ана қабыры қасына.
Егіле-егіле қабырдың
Үстіне кеп құлады.
Тұрмады сол жатқаннан,
Табылды мәңгі тұрағы...

1918, декабрь

ОКТАБРЬ МЕЙРАМЫ

Ерікті, жарлы жұмыскер,
Келді сенің мерекен!
Төбеңде қызыл ту толқып,
Кірді сәнің, берекен!

Қаныңды төгіп, күш жұмсап,
Майданда ол жеңіп алынған!
Шалқар шадыман-шаттыққа
Жүрегің сенің малынған!

Неше мың жан құрбан боп,
Майданда ол жеңіп алынған:
Тегістік, нағыз бостандық
Бақыты сонан табылған.

Қырмызы қызыл ту ұстап,
Майданда ол жеңіп алынған;
Оранған қызыл сәулеге,
Аумайды күнің жалыннан!

Ерікті халқым жұмыскер,
Бұл — өзіңнің мерекен!
Арайлап атқан таңың бұл,
Ажарың-көркің, берекен!

Мейрамыңды қарсы ал,
Салтанатпен сайрандап,
Қалтырасын дұшпандар
Біздің күшке қайран қап!

1919, октябрь



БОСТАНДЫҚ АҚЫНЫНЫҢ СӨЗІ

Қол сермеп, алға қарай табан бастым,
Күш менде, бөтен күшке таянбаспын.
Қандайлық қиындықтар кез келсе де,
Жыламап, үміт үзбен, аянбаспын.
Бостандық, әділеттік тірек мықты,
Ұйықтап жата берем қалай, тіпті.
Жайнап тұр үміт-мұрат нұры алда,
Халыққа таныт соны тыңғылықты.
Халықтың перзенті — ол туысқаным,
Жұмысшы халық — менің көңлім-жаным.
Халыққа сәуле шашу, ақ жолға аттау,
Ол менің ең бір ұлы мұрат-бағым!
Халық үшін бойдан қуат табамын мен.
Халық үшін әмән алға барамын мен.
Өмірім сарп етілер осы жолда,
Сол жолда өле-өлгенше қаламын мен!
Халықтың хақын жақтап жазамын жыр!
Безбеймін, дүниеден, табамын нұр!
Басыма қараңғы күн туа қалса,
Қайғырмай, қарастырам амалын бір!
Жазамын, жаман демей жаза берем,
Өлеңмен ілгерілеп оза берем.
Бостандық еліменен, халықпенен
Бірге боп, талмай, алға бара берем!

1920, январь

ҚЫЗЫЛ МЕЙРАМ

Қараңғы еді. Жел тұрды бір сәт. Көтерді көкке
дауылын,
Олай да бұлай сілкіді бұлтты. Бояды қанға
бауырын.
Көкте бір айқас басталып кетті. Ысқырды жел
де аптығып,
Астан да кестен аспанның асты, туралып түсіп
жатты бұлт.
Күшейді дауыл. Күшейді бір сәт кеткендей бейне
ұшынып,
Белгісіз жаққа белінен соғып, әкетті бұлтты
ысырып.
Дауыл да тынды. Ашылды көгім, айнала нұрға
бөленді.
Көгерді дала, көктемі келді, еркіндік алды ел енді,
Көк зеңгір аспан маржандай жұлдыз, алаулы күн
де арайлы,
Сұлулық біткен, әсемдік біткен сұқтана жерге
қарайды.
Жер беті — жұмақ... Зұлымдық, қорлық,
әділетсіздік жоқ қазір,
Көңілсіз жанды таппайсың енді, жұлдызы жанған
жақта бұл.
Таппайсың енді қасірет мұнды, қап-қара бұлтты
торлаған
Өтті де кетті кешегі күйкі, қайғылы заман, зор
заман.
Бүгінгі мейрам — бостандық, шаттық, бақыттың
ғана мейрамы,
Сондықтан бүгін миллион қолда қып-қызыл тулар
жайнады.

Қып-қызыл тулар — қырағы халық, қаһарман
халық намысы,
Зұлымдықпенен, зомбылықпенен айқаста жеңген
табысы.
Ол оның ары, айбаты оның — жаулары көрсе
үріккен,
Әлемде бүкіл еңбекші біткен астында соның
біріккен!

Айналам — әсем, айнала — көрік, жер беті мұннан
арылды,
Күнде бір шаттық, күнде бір жеңіс тербейді менің
жанымды.
Тағы да бүгін мереке таңы. Шуағын төге атыпты,
Жыр қылып жерді, жыр қылып елді, осынау нұрлы
бақытты!

Жер үсті жұмақ, жер беті сейіл, салтанат пенен
береке,
Сондықтан бүгін жер үсті думан, көңілді ән мен
мереке.
Қуаныш күлкі жайлапты елді, әсемсің неткен жер
үсті,
Сонда да бүгін биікті көздеп, аңсайды жаным
ғарышты!

1920 жыл

ТӘТТІ ОЙЛАРЫМ

Өзің жайлы жыр жазып, көшірем де,
Көңілімнің отын мен қоздатамын.
Көзімдегі бейнеңді өшірем деп,
Арманымның арайлы бұзба таңын.

Сезім кетсе жүрекке өлең құйып,
Ақыл шіркін ол кезде басқармайды.
Көкіректі күй кернеп, денем күйіп,
Жанарымнан ып-ыстық жас парлайды.

Ауыздықсыз тұлпардай ала қашып,
Ой артынан ой туып тыншымайды.
Өзімді өзім ұмытып, саған ғашық
Жүрегімді әлде не шымшылайды.

Келші, құсым, бұлбұлым,— деп кейде мен,
Есіміңді жүз рет қайталаймын.
Келші, жаным, сүйейін білегіңнен,—
Деп дауыстап жіберем, байқамаймын.

Дуана ғып бүгінде батырыңды
Жаулап алдың ойымды, жырларымды.
Сол жырлар мен сол ойлар жатыр енді
Әшкерелеп менің бар сырларымды.

1920 жыл

КӨҢІЛІМЕ

О, көңіл, аспанға ұшып, көрдің кезіп,
Неліктен кеттің бірақ жерден безіп?!
Сол көкте не болушы ед, ойлансаңшы,
Сыртынан дүниенің бәрі алдамшы.
Танданба жұлдыздарды нұрлы ғой деп,
Айды да саф жақұттай сырлы ғой деп,
Күн сұлу қызуы әбден өтпеген соң,
Аспан да сұлу қолың жетпеген соң.
Бәрібір емес олар жерден сұлу,
Жақұтты топырақтан демен сұлу.
Қайда да белгілі хал, мен өтінем,
Адаспай қайт, көңілім, ниетіңнен.
Іздесең барлығын да жерден ізде,
Жердегі туып-өскен елден ізде.
Жетерсің арманыңа іздесең тек,
Төзсең тек, үмітінді үзбесең тек!

1921 жыл

ҚЫЗ БЕН ЖІГІТ

1

Жігіт:

Қызыл шарқат байлаған,
Қара шашын майлаған,
Қос жанары жайнаған,
Гөлкәй,
 қайда кеттің сен?

Не істеріңді ойлап ап,
Ақ алжапқыш байлап ап,
Орағынды сайлап ап,
Біздің тұстан өттің сен.

Алабұртқан жүзіңмен,
Алаулаған көзіңмен,
Үмітімді үзілген
Жалғайды көз қарасын.

Айналанды нұрлы етіп,
Жүректерді тербетіп,
Көңілдерді шерлі етіп,
Айтшы қайда барасың?

Қыз:

Қатарымнан қалам ба?
Гүл жайнаған даламда,
Бау-бақша өскен алаңда
Жеміс-жидек көктеді.

Сосын орақ алдым да,
Қызыл шарқат салдым да,
Қалсаң сен-ақ қал мұнда,
Өзім солай беттедім.

Қыз:

Екі көзің нұр жайнап,
Жүрегінді жыр жайлап,
Ал көңілің бір жайлау,
Алабұртып жанасың.

Қуанып һәм шаттанып,
Құрдастарға мақтанып,
Боз жорғаңмен аттанып,
Өзің қайда барасың?

Жігіт:

Қатарымнан қалам ба?
Гүл жайнаған даламда.
Бау-бақша өскен алаңда
Жеміс-жидек көктеді.

Ғашық жүрек алаңдап,
Өзің жүрген алаңда
Бір болсам деп әманда
Мен де сонда беттедім!

1922 жыл

АҒАЙЫНҒА АЙТАР АҚЫЛ

Кере бір көкіректі ышқынып ап,
Иілме, ие көрме басты жауға.
Сүрінбе,

жүрегіңнің ұшқынын ат
Ертеңге, алыс айға, тасты тауға.

Үмітті отты көзді қадап тұрып,
Алыстан асыл өмір жайлауын көр.
Жүрекке ұлы идеал лақтырып,
Келешек, шын келешек мейрамын көр.

Көтеріп қызыл тудай шоқ-жалынды,
Қос қолың қатып қалсын тізгінінде.
Ұшыр да қанат байлап пәк жаныңды,
Аттандыр ұлы арманды ізгі күнге.

Көреді қырағы көз келешекті:
Болатын санаң — қазы, арың — әкім.
Талайлар ізгі жолмен сапар шекті,
Ізгі жол — жол емес ол тарылатын.

Бақытты жас жүректі сүріндірме,
Жылатпа пәк жаныңды — ақ жалынды.
Ешқашан қас дұшпанға сырың берме,
Жоғалтпа өзің түскен ақ жолыңды!

1922 жыл

КӘНЕКЕЙ, ДОСТАР!

Кәнекей, достар,
Шығалық іске.
Сыналсын қайрат,
Сыналсын күш те.
Алайық күрек,
Алайық кетпен.
Қуат бар бізде
Кеудені тепкен.
Даламыз байтақ,
Дала кең, шүкір.
Жыртайық жерді,
Қазайық шұқыр.
Жомарт жер бізден
Аямас құтын.
Жақсылап жыртып,
Себелік тұқым.
Төгілсе терің
Кетпейді текке.
Даламыз біздің
Жайқалар көкке.
Болмаған бұрын
Алармыз жеміс.
Қарбыз бен қауын,
Қалауын жеңіз.
Ертең ол біздің
Күшіміз болар.
Мақтанар біздің
Ісіміз болар.
Өнімін дала
Береді сыйлап.
Піскесін бәрін
Аламыз жинап.
Жасымыз және

Кәріміз болып.
Ағайын, жегжат —
Бәріміз болып.
Тігейік ғажап
Еңбектің қосын.
Қыс бойы жеміс
Жейміз ғой сосын.
Бұнымыз біздің
Бек мәнді болар.
Бақшамыз біздің
Бек дәмді болар.
Кәнекей, достар,
Шығалық іске.
Сыналсын қуат,
Сыналсын күш те!

1923 жыл

ӨСЕСІҢ...

*Қара қасым, қарлығашым,
Кімнің бақытына өсесің?!
(Халық жыры)*

Бақшада гүл тересің,
Гүлдерге су себесің,
Бір кетіп, бір келесің,
Әзілдейсің, күлесің.
Жасыл канат көбелектей,
Кетесің сен қыр бойлап.
Шөмелелер үйесің сен.
Ақ бетінде нұр ойнап.
Ертеңді-кеш еңбекте
Тасқындайды талабың.
Жазда, күзде, көктемде
Төріндесің даланың.
Қыста, ұзақ түн бойы
Ән шырқауды білесің.
Отырып ап ақ үйде
Алжапқыштар тігесің.
Еңбекші елдің еркесі.
Еңбегің бір танылды.
Ел бағына өсесің,
Жайнаған жас жалынды.
Қара қасым, қарлығашым,
Сеземісің бағынды?

1923, апрель, Қазан

ТОҚАЙДЫ САҒЫНУ

Балалар аузынан

Арамызда кеше ғана
Жүр еді ғой Тоқай аға.
Біз сияқты пәк көңілді,
Дос еді ол әр балаға.

Ойнаушы еді бізбен дәйім,
Сүюші еді бәрімізді.
Кішіпейіл көріп жайын,
Жаюшы едік жанымызды.

Жазатын ол бізге жырлар,
Ертегілер, әсем өлең.
Үйрететін жақсы ойындар,
Тоймайтұғын көңіл деген.

Ертегі айтып күлдіретін,
Ойынына сүйіндіріп.
Мұңға бөлеп күйдіретін,
Жадырату күйін біліп.
Қайтыс болған сол ағамыз,
Жатқан жері көрдің іші.
Қайғы біздің сыбағамыз,
Бітпес көңіл күйініші.

1923, апрель, Қазан

БІЛМЕДІМ

Көзің сенің от екен,
Жерде теңің жоқ екен,
Ғашықтық у оқ екен,
Сезбедім,
Сезбедім...

Мен көзге ілмес шөп екем,
Шөпке мейрім жоқ екен.
Бір сөзің де көп екен,
Білмедім,
Білмедім...

1923

КЕЛМЕДІҢ

Саған тізе бүктім,
Сен көрмей өттің,
Білмедің...
Мен жылап күттім,
Сен жырақ кеттің,
Келмедің.

1923

БАРАЙЫН БҰЛАҚ БОЙЫНА

Ел қызы дәптерінен

Анажаным!

Жібер мені, жылдамырақ жөнейін.
Бұлақ жаққа жалғыз барып келейін.
Барайын мен бұлақ жаққа тезірек,
Табиғаттың отауына енейін.

«Кеш...» дейсің ғой, шүбәланып: кім
сонша,

«Түн...» дейсің ғой,

Қайтер дейсің түн болса?
Жүрек таңын жасыра алар түн емес,
Бақытымның еркесін кеш күндемес.

Анажаным! Ұзақ жүрмен... кетейін...
Ол сонда ғой, бұлақ бойлап өтейін —
Бағана кеп, қалған шығар көп күтіп,
Жолым тосып тұрған болар, жетейін.

Оның өзі мұңды жігіт, елеңдеп,
Уәде бергем сол араға келем деп.
Су алуға барғанымда көрді де,
Сөз байлады сырын айтып берем деп.

Барайыншы,

жылдамырақ бара алсам,
Жүрегінен титтей орын ала алсам
Мен бақытты болар едім, анажан,
Өкінбес ем, мәңгілікке қала алсам.

Барайыншы, оның жұмсақ қолында
Тек бір минут тербетілсем болды да.
Өлгеніме өкінбес ем, анажан,
Сынып-күйреп жатсам-дағы жолында.

Анажаным!
Жібер мені, жылдамырақ жөнейін,
Бұлақ жаққа өзім барып келейін.
Барайын мен бұлақ жаққа тезірек,
Бақытымның отауына енейін!..

1923

* * *

Зүбәржаттай, алтын, гауһар сөзімді,
Төктім саған, тағат таппай жас жаным.
Сыр шертсем де,

тауыстың-ау төзімді

Соның бірін құлағыңа аспадың.

«Сүймейсің!» — деп сенбей қойдың әуелден
Нанбадың ғой, сәулетайым, сен бекер.
Енді қайттым?

Жаным, саған мен әлде

Жүрегімді жарып көрсетсем бе екен?!

1923

ЛЕНИН ТУДЫ

Туған күніне

Ленин туды...
Бұдан көп жыл, көп бұрын.
Мен жоқ шақтарда,
Әкем «оларда»
Темір шахтаның ауыр газды
Құрт аурулы түкпірін
Тырмалап қанға батқанда.
Шахта көмірі,
Еңсесін басып,
Бүкірейіп аштықтан қатқанда,
«Нан!
Нан!» — деп жылап барып,
Бай қақпасын қаққанда.
Әниім¹ тері иісін иіскеп,
Уланған көкірегін
Етсіз денемен тырысып,
Босағада аунап жатқанда,—
Ленин туды...

Әй, кімдер сендер?
Қақпа алдында жылап,
Нан,
Нан деп,
Нан деп сұрап,
Еңіреп барушылар сендер ме?
Сен,
Әй, көгерген көз, іскен жақ,
Босағада аунап, таптанып,
Ессіз қалушылар сендер ме?
Келіндер,

¹ Әни — ана

ТОЛҚЫНДАР ЕТЕГІНДЕ

Өткір көздер түсті жалтырап жанған,
Қызыл терезелер қасынан,
Көкшіл тұманды бойлап көкті шалған,
Ұзын трубалар басынан,
Күміс нұрлар шашып ай дүзді.
Көктен жерге күміс нұр ұшты.
Жерден көкке кірпіш трубаны бойлап,
Қызыл ұшқын болып күл ұшты.

Түн қараңғы, салқын.
Қатар-қатар темір бактар сұрланған
Терең жарлы теңіз
Онда — толқын,
Мұнда — темір даусы түн жарған.
Онда — теңіз шулайды,
Мұнда — құрыш,
Онда — толқын тулайды.
Мұнда — қол сермелген,
Онда — су гүрілдеп,
Мұнда — түн бойында,
Темір уақтап балға дүбірлеп:
Дүн да дүн.

Сәріде қызылданып мұржа бойлап,
Құяш¹ та шығар:
Көкте таң атты.
Мұнда көкірек кернеп завод сайрап,
Таң гудогін қырға таратты.
Ерте теңіз толқын теңбілдерін,
Желге бері қуар жыраққа.
Теңіз сынды шулап завод та,

¹ Күн

Сұстанар іске бұл жақта.
Күн бойында мұнда іс толқыны,
Түн бойында темір түтіні,
Артта — толқын,
Алда — шексіз кең белес,
Міне, тұрмысқа бұл тең елес.

1924

СЪЕЗДЕН ҚАЙТҚАНДА

Ат-арбаға жол жоқ,
Көктемгі лайсан,
Қаудыр тонын күнге қыздырып,
Шабатасына қарлы су кіріп,
Ол келеді сапардан,
Асыға тез жүріп.
Ол келеді шапардан,
Онда съезд өтті.
«Мир» сайлаумен барды да,
Бек көп, ақылдарды тындап,
Алып келеді соны аулына.
Оған айтқан еді:
Токтай тұр он-он бес күн,
Жер құрғасын, жол түссін де,
Атпен қайт!
Ал ол сондай енді,
Тындамады, қайрылмады ешкімге.
— Бөгеліп пе? Жоқ, жоқ..
Шұғыл іс бар алда.
Көп, көп кеңесті ол тындады.
Көп ақылды жазып алды да,
Соны айтуға, асығады аулына...

Әне, Калинин әлі де кешегідей,
Сөйлеп тұрғандай оған,
— Трактор ал, әбзи, сіз үшін
Алты десе..
— Сегіз десе қыр саған,
Іске қос тезірек күллісін..
«Он күннен соң ғана бізде
Соқаға шығар ауыл, жер де бөлінбес.
Бүгінгі сөз — керекті сөз, ізгі,
Мен кешіккен соң елге білінбес».

Ол асыққан, алқынған,
Міне шапшаң,
Күн батқанша асар тауды да,
Өтер егін алқабынан,
Жетер жылдам жақын ауылына...
Жоқ, керек емес жол да, ат-арба да,
Айда соқа түскенше...
Тез жүр дөң асып
— Жоқ, ескі соқа долой!
Тракторға,
Тракторға біздің жол ашық!

1925

РОМАНС

Сен, толқындар даусын тыңдадың ба,
Шамырқанып шулар теңізде.
Біз — толқындар сынды,
Буырқанып,
Шалқимыз түнде де, күндіз де.
Біздің күшіміз — океан,
Біздің күшке
Ешкім өлшер — өлшем кеспес.
Біздің құмарымыз кейінге түсе білмес,
Жалындап бір кетсе, мәңгі өшпес.
Құрыштардан нығырақ үмітпен,
Өрлеуде қиын тауға, шыңдарға,
Ленин ақылы бізді шынықтырды,
От күрестерде, ауыр жылдарда.
Кең құлашты қызмет теңізінің,
Толқындары болып туғанда,—
Біз үйрендік қырғын күрестерде,
Жеңіспен рухты шыңдауға.

Сен, толқындар даусын тыңдадың ба?
Шамырқанып шулар теңізде.
Біз толқындар болып,
Буырқанып,
Шалқимыз түнде де, күндіз де.

Тұңғыш із комсомолдан түскен кезден,
Көкейде
осы есебім жүрген менде!...

* * *

Тап солай әлі жүрміз жол үстінде,
Ел жаңарды өсіп-өніп өркендеп,
Жылдар талай артта қалған біртіндеп,
Сен де, достым, жаңардың шана үстінде,
Туып-өскен ұл-қызыңмен бір түлеп.
Сезесіңдер;

қартайсаң да жасардың,
Қарт тарихқа құрбан болып жасардың.
Ол кездерде өзгеше еді дидарым,
Өзгертті де бастан кешкен жылдарым.
Комсомол өсірді де мен жырладым.

* * *

— Деме, неге жыр жазады!
Комсомол мені осылай ақын етті.
Әр жырым есеп берген тақылетті,
Елдегі түседі еске сол бір жылдар.
Жырым сақшы —

постыда тұрады ыңғай,
Себебі әр өлеңнің паролі бар,
Әр жырым өзіме бір жолдама ғой.

ЕСІМДЕ

Ең алғаш жолыққанда тағат таппай,
Наздана күлімдедің, әлі әсімде.
Сөзіме сүйем деген жауап қатпай,
Қысылып, сырт айналдың, әлі есімде.

Ұзамай мені тастап кете бардың,
Жүректі күйініші өртеген-ді,
Қорланып жылай бердім, сенсіз қалдым,
Ұйқысыз түндерім тек өте берді.

Күйігі көрген түстей өте шыққан,
Көңілден өшпейді екен, әлі есімде,
Махаббат ыстық, суық, әсте ұмытпан,
Жүректің түкпірінде, әлі есімде.

БАТЫРАҚ АНА

«Қарайтын өзіне бала жоқ,
Қайғы ғой жүзіңді жүдеткен.
Жүрер ең қадырлы ана боп,
Киер ең көйлекті жібектен!..

Коммунист ұлыңнан не көрдің,
Кетті әне:

— Оқимын!—деді де.

Кім сонша
Коммунист дегенің
Шіркеуге бармайтын өмірде».

Осылай шалдар кеп шулайды
Қамкөңіл жүрегін жаралап.
Өршіген өсектер тынбайды
Әр үйдің есігін жағалап.
Ал ана шам жағып үйіне,
Жақсылық күтеді үмітпен.
Коммунист ұлдарға түнімен
Тоқиды қолғапты түбіттен.
Хат жазды ұл:
«Оқимыз, ана, біз,
Біразға созылар әлі де.
Содан соң

Лагерьге барамыз,
Ол бітпей қайтпаймыз, әрине...»
Жұмсақ қой ананың жаны да,
Лезде бұлт басып қабағын,
Баласын сағынып қалды ма,
Сүртеді бұланған жанарын.
Білте шам сәулесі тарайды
Жарық қып кішкене бөлмесін.
Суреттен Ленин қарайды,

Оң қолы ұстаған кеудесін.
Баласын сағынып жүргенде,
Алмады көзін сол суреттен.
Жан ұлы оны әкеп ілгенде,
Бар жайды баяндап үйреткен.
Деген ол:

«Анажан, Ленин — бұл!
Ұлы күн нұр шашқан маңайға.
Ленин — бұл! Тірегі өмірдің!
Сақта оны, жарай ма?
Мен енді сол Ленин сабағын
Оқуға барамын...»
Көрші әйел кірсе тек бөлмеге,
Қарайды суретке бас салып.
«Әй, Ғайни, жарайды ол нене,
Күнәкар болма сен, таста алып!»
Батырақ ана оны алмайды,
Біледі, біледі өзі де.
Сыйлайды кең жазық маңдайды,
Қарайды жалынды көзіне.
Білте шам сәулесі тарайды,
Жарық қып кішкене бөлмесін.
Ал ана Ленинге қарайды,
Күрсіне көтеріп кеудесін:
«Коммунист, дейді олар,
Коммунист, дейді олар,— ұлың да.
Несі бар?
Ол кулак болмаған бұрын да.
Сен өлсең, жаназа шығармай,
Қоям, деп қорқытады ұялмай,
Анау бір молла да,
Қолынан келері сол ғана.
Тамақ тоқ, денім сау — өлем бе,
Қалғанын өзім-ақ көрем де.
Кедейге бәрібір жұмыс қой,

Коммунист болғаны-ақ дұрыс қой!
— Қорлық, дейді олар,
Қорланам неге?!
Кимей-ақ қойдым жібегін.
Өзімнің құйттай түлегім
Лениндей ұлы дананың
Оқыса болды сабағын...»

1928, 17 декабрь

Конец ознакомительного фрагмента

Уважаемый читатель!

Размещение полного текста данного произведения невозможно в связи с ограничениями по IV части ГК РФ.

Эту книгу Вы можете почитать в Оренбургской областной универсальной научной библиотеке им. Н.К. Крупской по адресу: г. Оренбург, ул. Советская, 20; тел. для справок: (3532) 77-92-66